



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ САЛАСЫНАДАҒЫ «БОЛАШАҚ» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ КЕЙБІР ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ұлықпан Жансая Талғатқызы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Құқықтану» мамандығының
1-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: з.ғ.м., аға оқытушы Мырзатаев Н.Д.
muxametnur@mail.ru

Түйіндеме

«Болашақ» халықаралық стипендиясы бағдарламасы білім беру саласына ғана емес ол мемлекеттің жалпы кеішенді дамуына ықпал етуші тың күш екендігі тілге тиек болып отыр. Дегенмен аталған мәселе әлі де болса дамытуды қажет ететіндігі баяндалады.

Түйін сөздер: «Болашақ» бағдарламасы, сапалы білім, жастар, жоғары білім беру, бағдарлама.

Білім-адамдардың белгілі бір жүйедегі ұғымдарының, деректері мен пайымдауларының, т.б. жиынтығы. Білім адамзат мәдениетінің ең ауқымды ұғымдарының бірі болып табылады. Ол сана, таным, объективті әлем, субъект, ойлау, логика, ақиқат, парасат, ғылыми және т.б. күрделі де терең ұғымдармен тығыз байланыста әрі солар арқылы анықталады. Білім философия мен рационалды білім пайда болғаннан көп бұрын дүниеге келген [1].

Болашақ - Қазақстан Республикасы Президентінің білім беру, санат жетілдіру мақсатында құрылған халықаралық стипендиялық бағдарлама. Оның қысқаша тарихына тоқталып кететін болсақ. Ол 1993 жылғы 5 қарашада Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев жарлығымен «Болашақ» халықаралық стипендиясы тағайындалды. Бұл бастама дарынды жастарға келешекте өздерінің жинақтаған тәжірибелерін мемлекет игілігіне пайдалану үшін шетелде сапалы білім алуға жастарға көмектесу идеясына негізделген. 1994 жылы бір топ қазақстандық студенттер тұңғыш рет шетелдік жоғары оқу орындарына жіберілді. 1994 жылдан бастап 2004 жыл ішінде «Болашақ» бағдарламасы аясында барлығы 785 студент әлемнің 13 елінде білім алды. Стипендия қызметте табысты өсудің, түлектердің кәсіби мамандануының кепілі іспеттес. Бұның дәлелі ретінде бағдарламаның көптеген түлектері мемлекеттік қызметте, мемлекеттік және халықаралық ұйымдарда, акционерлік құрылымдарда жауапты қызметтерді атқарып, мемлекеттік және халықаралық жобаларға қатысып, еліміздің дамуына өз үлестерін қосуда.

Мемлекет басшысының 2005 жылғы халыққа Жолдауында айтылған «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегерлерінің санын арттыру жөніндегі бастамасын іске асыру мақсатында ҚР Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясына конкурс өткізуді ұйымдастыру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 сәуірдегі № 301 қаулысымен «Халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамы құрылды. Сонымен қатар, 2005 жылдан бастап «Болашақ» бағдарламасы бойынша мамандарды даярлау жыл сайын Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін Басым мамандықтар тізбесіне қатаң сәйкестікте жүргізіледі. 2005, 2006 және 2007 жылдардағы «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындау үшін басым мамандықтар тізбесін әзірлеуде мемлекетті дамыту басымдықтары мен төмендегі стратегиялық құжаттарда көрсетілген экономиканың белгілі бір салаларында білікті мамандарға қажеттілігі ескерілді:

-Қазақстан Республикасын индустриалдық-инновациялық дамытудың 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы;

-Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

-Қазақстан Республикасында денсаулық сақтауды реформалау және дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

- Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- Мәдениет саласын дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасы;
- Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- Қазақстан Республикасында «электронды үкіметті» қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі көлік стратегиясы.

Сонымен қатар, 2005 жылы шетелде оқуға арналған елдер тізімі өсіп, үміткерлер АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Ресей, Австралия, Австрия, Венгрия, Дания, Жаңа Зеландия, Жапония, Израиль, Испания, Италия, Канада, Қытай, Малайзия, Нидерланд, Норвегия, Оңтүстік Корея, Польша, Сингапур, Финляндия, Франция, Чехия, Швеция, Швейцарияға сияқты елдер арасынан өзіне ыңғайлысын таңдайтын болды.

2007 жылы елдер мен ЖОО-лар тізімі толықтырылды. Қазіргі кезде үміткерлер әлемдегі 32 елдің алдыңғы қатарлы 630 оқу орындарында оқи алады. Бүгінгі таңда стипендияны іске асыруда магистрлік және докторлық бағдарламаларға, сондай-ақ біздің ел үшін анағұрлым қажетті болып табылатын техникалық және медициналық бейіндегі мамандарды дайындауға ерекше көңіл бөлінеді. Үміткерлер санының өскеніне қарамастан, «Болашақ» бағдарламасының негізгі қағидаттары бастапқы қалпында қалып отыр. Олар: - үміткерлерді дайындаудың жоғары деңгейі; -елімізде және одан тыс жерлерде бағдарламаның оң бейнесін сақтап қалу; -конкурстық іріктеуді ашықтық және әділдік қағидаттары бойынша өткізу; -стипендия иегерлерін әлемнің үздік университеттеріне жіберу [2].

«Болашақ» бағдарламасы туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңындағы 37-бапта көрсетілген: «6. Қазақстан Республикасының азаматтары тағылымдамадан өту үшін "Болашақ" халықаралық стипендиясын алуға арналған конкурста қатысуға құқылы. Тағылымдамадан өту үшін "Болашақ" халықаралық стипендиясын алуға баллдары теңдей болған кезде Президенттік олимпиада жеңімпазы ғылыми жетекшісінің басым құқығы бар. "Болашақ" халықаралық стипендиясы берілген Қазақстан Республикасының азаматтарымен "Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша тағылымдамадан өту туралы шарт жасалады. 7. "Болашақ" халықаралық стипендиясын әкімшілендіру жөніндегі іс-шаралар кешенін жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының Үкіметі құрған ұйым:1) "Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша іс-шараларды ақпараттық қолдап отыруды жүргізеді; 2) "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындауға үміткерлердің құжаттарын қабылдауды ұйымдастыруды және жүргізуді жүзеге асырады;3) үміткерлерді конкурстық негізде іріктеуді ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралар кешенін жүзеге асырады;4) оқыту, кепіл және (немесе) кепілдік шарттарын жасасады;5) стипендиаттардың академиялық оқытылуы мен тағылымдамадан өтуін ұйымдастыруды және оның мониторингін жүзеге асырады;6) оқытуды және тағылымдамадан өтуді ұйымдастыруға байланысты шығыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етеді;7) шарттың Қазақстан Республикасының аумағында жұмыспен өтеу бөлігіндегі талаптарын стипендиаттардың орындауына мониторингті жүзеге асырады;8) халықаралық әріптестермен, шетелдік оқу орындарымен стипендиаттардың оқуын ұйымдастыруға арналған шарттар жасасады [3].

Қазіргі таңда Қазақстандық жастардың білім алуына мемлекет барлық жағдай жасап беруде. Бүгінде бағдарламаға қатысушылар қатары 10 мың адамнан асты. «Болашақ» бағдарламасы еліміздің дамуында зор рөл атқарды. Ең алдымен, олар - экономика, білім, ғылым, денсаулық сақтау, ұлттық мәдениет пен өнер салалары үшін жаңа кадрлар. Бағдарлама түлектерінің әрбір екіншісі бүгінде жекеменшік және мемлекеттік сектордағы Қазақстан компанияларында жұмыс істейді. 19% - ұлттық компаниялар менеджерлері. 4%-ға жуығы – халықаралық ұйымдарда, сондай-ақ, Қазақстанның Үкіметтік емес ұйымдарында

еңбек етеді. Жалпы, түлектердің төрттен үші экономиканың нақты секторында және азаматтық қоғам институттарында қызмет атқарады. Мемлекеттік мекемелер мен ұйымдарда «болашақтықтардың» 25 %-ға жуығы еңбек етуде. Соның ішінде, мемлекеттік басқару жүйесінде жүргендері – барлық түлектердің 19 %. Бүгінде «Болашақ» бойынша 2 мыңға жуық инженер-техник мамандар даярланды. Олар - инновациялық жобалар мен технологиялар, металлургия, телекоммуникация, энергетика салаларының қызметкерлері. Индустриялық-инновациялық бағдарламаны жүзеге асыру – Қазақстанды шикізаттық тәуелділіктен алып шығатын мүлде жаңа кәсіпорындарды құру. Жалпы, гуманитарлық және инженерлік-техникалық мамандықтардың теңгеріміне қол жеткізілді, - деді Қазақстан Президенті [4].

«Болашақ» бағдарламасы еліміздің дамуында зор рөл атқарды. Ең алдымен, олар - экономика, білім, ғылым, денсаулық сақтау, ұлттық мәдениет пен өнер салалары үшін жаңа кадрлар. Бағдарлама түлектерінің әрбір екіншісі бүгінде жекеменшік және мемлекеттік сектордағы Қазақстан компанияларында жұмыс істейді» - деді Ел Президенті. Бұл Н.Ә.Назарбаевтың «Болашақ» халықаралық бағдарламасының форумында сөйлеген сөзінен үзінді болатын [4].

XXI ғасырда елімізді озық елдер қатарынан көру үшін адами капиталды дамыту керек. Кез-келген саланың мамандары сауатты, әлемдік бәсекеге қабілетті, зияткерлік деңгейі жоғары болса, ол ел дамуының негізгі көзі болады. Президентіміз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдардың бәсекеге қабілетімен айқындалады» - деген болатын. Ал адами капиталдың сапасын арттырудың бірден-бір жолы – білім саласы озық елдерде оқып, тәжірибесімен танысу, талдау жасап, тағылымын алу. Бұл тұста Халықаралық бағдарламалар орталығы да өз үлесін қосуға дайын. Негізі, орталық бұған дейін «Болашақ» стипендиясының жұмысын жүргізумен айналысқан болатын. Былтырғы күзден бастап орталық функциясына біраз өзгерістер енгізілді. Солардың бірі – үкіметаралық келісімшарт негізінде шетелде білім алуға студенттер жіберу. Қысқаша айтқанда, басқа мемлекеттер мен Қазақстан арасында студент алмасу, біздің өрендерге арналған шетелдік гранттар. Бұл Халықаралық бағдарламалар орталығы үшін жаңа бағыт болғанмен, Білім және ғылым министрлігі мұндай шәкірт алмасуды бұрыннан ұйымдастырып келеді [6].

Грант бөліскен елдердің өздерінің талаптары болады соларды мысалға келтіруді жөн көріп отырмын: Олардың басты талабы – шет тілін білу. Мәселен, Франция мен Германияда оқу үшін ағылшынша білген жақсы, бірақ неміс және француз тілдерін меңгерсе тіпті керемет. Ал Қытай университеттері ең әуелі қытай тілін білуді талап етеді. Сондай-ақ, үміткер пәндерді жақсы біліп, таңдаған мамандығы мен бірінші мамандығы сәйкес келуі тиіс.

Ал Қазақстанның шет елдің азаматтарына қойылған талабы: Білім және ғылым министрлігі мен Халықаралық бағдарламалар орталығына жүктелген маңызды тапсырмалардың бірі - Қазақстанда Орталық Азиядағы білім хабын құру. Білім хабы дегеніміз, белгілі бір аймақтағы халықаралық деңгейдегі білім ошақтары, шетелдік ұстаздармен тәжірибе алмасу арқылы академиялық ортаның кәсіби дамуы, білім саласындағы бизнес пен ғылыми орталықтардың өркендеуі, инновациялық жобалардың іске асырылуы.

Білім хабын құру нәтижесінде еліміздегі жоғары білім саласын дамытып, басқа мемлекеттердің білім институттарымен тәжірибе алмасу және шетелдік студенттерді тарту арқылы университеттердің қаржылық жағдайын жақсарту жоспарланған. Мысалы, Малайзия сияқты елдерде білім алатын шетелдіктердің саны өте көп. Онда оқу құны АҚШ, не Ұлыбританиядағыдай қымбат емес. Малайзия – «қос диплом» бағдарламасы бойынша білім беруді нәтижелі іске асырып отырған елдердің бірі. Яғни, ол жақта оқу тәмамдаған студент қос диплом алып шығады. Біз де осы тәжірибені іске асыруымыз керек.

Ұлттық экономика министрлігі статистика комитетінің 2017 жылғы деректері бойынша, елімізде 12 мыңнан астам шетелдік студент білім алады. Ендігі мақсатымыз

шетелдік студенттер санын 50 мыңға дейін көбейту. Жылына орта есеппен 50 мың шетелдік студент 3000 доллардан төлесе, бұл университеттер үшін қомақты қаржылық қолдау болар еді. Сондай-ақ, шетелдік мұғалімдерді жұмысқа тарту кеңінен іске асырылып жатыр. Сонымен қатар, орталық Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстан астаналарында білім көрмесін ұйымдастырды. Енді, Бейжің, Шанхай, Дели және Ашхабад қалаларында білім көрмесін өткізуге дайындалып жатыр. Иранмен де келіссөздер жүргізу жоспарда бар.

«Болашақ» түлектеріне байланысты ел ішіндегі пікір екіге жарылған. Бірі түлектердің мүмкіншілігі толық пайдаланылмайтынын, олардың болмашы жалақымен түкке тұрмайтын жұмыс істейтін немесе жұмыссыз жүрген болашақтықтардың көп екенін айтады. Ал келесілер «Болашақ» түлектері жоғары жалақы алуға қызығып, кез келген жұмысты менсінбейтінін келтіреді. Сіздіңше, қай тараптың дәйегі басымырақ және оған қатысты деректер не дейді? Халықаралық бағдарламалар орталығының президенті Жанболат Мелдешовтың пікірінше бұл сұраққа жауап бермес бұрын, Халықаралық бағдарламалар орталығы жүргізген деректерге көз жүгіртейік. Бүгінге дейін он мыңға жуық стипендиат «Болашақ» бағдарламасы бойынша тәлім алды. Олардың 3000-ға жуығы әлеуметтік салада жұмыс істейді. Білім мен ғылымға берілген 2000-нан астам түлек сонда жүр. Денсаулық сақтау мен өндірістік салада жүргендер саны 1000-ға жақындап қалды. 804 түлек мемлекеттік қызмет атқарады. Солардың барлығы ел үшін аянбай еңбек етіп жүрген азаматтар. Төмен жалақы алатын «Болашақ» түлектері туралы әңгіме әдетте үш жақты келісімшарт жасасып, шетелге оқуға кеткендерге байланысты шығады. Өйткені, кейбір жоғары оқу орындары өздері тапсырыс беріп даярлаған кадрларын жалақысы жоғары басқа білім ошақтарына жіберуге құлықты емес. Алайда, жұмыс беруші мен стипендиат арасындағы келісімшартқа орталықтың араласуына құқығы жоқ. Әйтсе де, «ЖОО түлегі» категориясына тапсырыс берілгенде сол категория иелеріне біраз жеңілдіктер жасалған болатын. Атап айтсақ, бағдарламаның негізгі шартында жазылған екі жылдық еңбек өтілі бұл категориямен оқуға үміткерлерден талап етілген жоқ, сонымен қатар, тілдік курстар да жоғары оқу орнының болашақ мамандарына 1,5 жыл етіп ұзартылып берілген болатын. Ендеше, осы бойынша білім алып келген түлек елге қайта оралған соң жұмыс орнының сапасын арттыруға үлес қосуы керек шығар?! Осы орайда, шетелде қалып қойған жастар да тілге тиек етіледі. Жалпы, олардың саны көп емес, небәрі 161 адам. Олардың бәрі оқыту үшін жұмсалған қаржыны толықтай қайтарып жатыр, -деп жауап берген болатын [6].

Біздіңше Болашақ бағдарламасымен әлемнің алдыңғы қатарлы елдеріне барғысы келетін білімпаз жастарды көбірек жіберудің басқада тетіктерін қарастырған жөн. Мысалы, мемлекеттік емес өзге де қаржыландыру институттарының немесе жеке кәсіркерлердің маман даярлай ісіне етене араластыруда заңдастыру. ЖОО бітірген немесе магистратурада ғылыми бағыты бойынша білім алушы және ЖОО оқытушылары мен аға оқытушыларының ғылыми кәсіптілігін арттыру мақсатында аталған бағдарлама аясында шел елде кәсіби білім беру тетігі заң нормаларында қаралуы тиіс деп ойлаймыз. Себебі отандық білім беру мен ғылым жүйесінде еңбек етіп жүген азаматтар осы саланың кем кетігімен ондағы өзекті мәселерді тәжірибеде жетік біледі. Ол болашақ кәсіби маманға өзге елдің осы саладағы ғылыми жаңалықтары мен жетістерінің біздің елдің болашағы ықтималды қызмет етуін салыстырмалы түрде талау жасай алады. Тек теориялық тұрғыдан ғана емес сонымен қатар тәжірибеде елімізде оның ішінде университет қабырғасында іске асыруға мүмкіндік жасау тетігін де заңнамада қарастырғанымыз жөн.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. — Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. — 344 бет.
- 2 Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007
- 3 Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» № 319 Заңы.

4 Қазақстан Республикасының Президенті «Егемен Қазақстан»-30 қараша, 2013 жыл Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ: «Болашақ» — біздің сенімді стратегиялық таңдауымыздағы сұхбатынан Айбек Тасғалиев "Ақтөбе газеті" - 7 қыркүйек 2016жыл.

5 Асанкелдіұлы А. «Болашақ» – қазақ жастарына қанат бітіретін бағдарлама // «Егемен Қазақстан» 25.08.2017 жыл.

6 Халықаралық бағдарламалар орталығының президенті Жанболат Мелдешовпен сұхбат.

МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ САЛАСЫНЫҢ ТҮСІНІГІ, МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ

Шерәлі А.Ж.

Lam_1@mail.ru

Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық Университеті, Қазақстан, Астана қаласы

Абдрасулов Е.Б

Aermek_19@mail.ru

Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университетінің з.ғ.к., докторы,
профессор, Қазақстан, Астана қаласы

Мақала мазмұны Отанымыз Қазақстан Республикасы тәуелсіздікке қолжеткізгеннен бері отанымыз халқы өз алдына жоғары мәртебелі күзиретті мақсат қояды көздеді. Ол - құқықтық мемлекет құра отырып, барлығынша, толық заңдастырылған мемлекеттік басқару жүйесін өзгерту, құру. Бұл мақсатқа жету өте қиын және мазмұнды. Мұндай мемлекетте заңның, құқықтың рухы үстемдік етеді және біздің республикамызда, отанымзда объективті принципті-жүйені енгізу, жүзеге асыру тасымалдау және құруға байланысты әр түрлі мағлұматтар құқықтық әдебиеттерде әлі де толық зерттелмеген тақырып болып табылатыны барлымызға мәлім. Мәселен, Соңғы жылдары есептеуіш техникалардың қарқынды дамуына байланысты мемлекетті басқарудағы ақпараттық жүйені қолдану заман талабы болуы ғажап емес. Сондықтан жан жақты заманауи жүйенің дамуын қарастыру – мемлекетті басқарудың аспаптық тәсілі ретінде өзекті мәселе болып отыруы алдағы заманның күрт өзгеруін көрсетіп отыр. Мәселен, осы мақалада Мемлекеттік басқару саласының жағдайы мен жетістіктері мен болашақтағы дамуына тәжірибелік талдау жүргізілген.

Түйін сөздер: Қоғам, Құқықтық мемлекет, мемлекеттік басқару.

The process of integration the modern system of govern our republic

The article analyses features, factors, progress of law trend in Kazakhstan. Today, furthermore law is one of the highly profitable and fast-growing sectors of the global govern. Also, As one of the factors of global integration processes, ,furthermore govern significantly affect the improvement of people's well-being and sustainable development of the country. Also, Despite the fact that Kazakhstan is rich in natural resources, historical sites and , furthermore attractions, law is the state at the stage of its development. In many countries, law plays an important role in the formation of government, ,furthermore additional workplace, in the provision of public amusement, and when the external trade balance. Also, Along with this, ,furthermore this article deals with the analysis of the political situation, furthermore achievements and development in the future, according to the Statistics Agency of RK and the Competitiveness Index of govern and law.

Key words: society, government, law of country.

Пути развития Казахстана в современную систему правового государства

Статья анализирует особенности, факторы, тенденций развития государственного правления в Казахстане. На сегодняшний день закон является одним из высокодоходных и динамично растущих отраслей правового государства. Являясь одним из факторов развития